

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ауылдағы тіршілік

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/50968/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Өткізілген күні:20.04.2017ж

Білім беру саласы:Таным

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:Жаратылыстану

Тақырыбы: Ауылдағы тіршілік

Мақсаты: Үй жануарларын (қой,ешкі,жылқы, сиыр,есек,ит,шошқа, мысық) күту туралы түсінік бере отырып,ауылшаруашылығының,маңызы мен пайдасы туралы түсінік беру; жануарлардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу,танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсілдері: ойын, түсіндіру, әңгімелесу, көрсету, ой-тастау, сұрақ-жауап, мадақтау, иллюстрация, тіл жаттығулары, дыбыс жаттығулары, жеке баламен жұмыс, баяндау.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреттері, слайд.

Қостілдік компонент: сиыр-корова, баран -қой,лошадь-ат, верблюд-түйе

Ашық ұйымдастырылған оқу қызмет кезеңдері Тәрбиешінің қызметі

Балалардың қызметі

Мотивациялық кезең -Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті, қане қонақтар келгенде не істеу керек?

-Ендеше, барлығымыз бірге дене мүшелерімізді оятып алайық.

Күн шығып жадырап

Ағаштар жайнап

Қайырлы таң, көздерім.

Қайырлы таң, қолдарым.

Самомассаж

Көзіміз көреді

Құлағымыз естиді.

Қолымыз соғады.

Аяғымыз топылдайды. Балалар қонақтармен сәлемдеседі

Көздерін көрсетеді, құлақтарын түреді, қолдарын соғады,
Аяқтарын топылдатады.
Іздену-ұйымдастырушы

Б.Д.Н.К

-Балалар, далада күн қандай?

-Көктемде қандай ерекшеліктерді байқап жүрсіңдер?

Күн жылынып, жерді қыздырады. Күн ұзарып, түн қысқарады. Қар астынан қылтиып , бәйшешек гүлі шығады. Жануарлар мен жәндіктер қысқы ұйқыдан ояна бастайды. Жануарлар төлдейді.

Балалар бұл ненің дыбысы:

Бұны бізге кім жіберді екен көрейік?

Бұны ауылдағы ата мен аже жіберіпті.Онда көп тапсырмалар бар екен.Егер біз сол тапсырмаларды орындасақ ата мен әженің бізге сыйлығы бар екен? Тапсырманы орындауға дайынбыз ба?

Балалар жануарлар нешеге бөлінеді?

-Ал үй жануарларына нелер жатады білесіңдер ме?

-Неге үй жануарлары дейді екен балалар?

-Үй жануарларын қайдан кездестіруге болады екен?

Слайдпен көрсету.

2-тапсырма

Жұмбақтар шешу.

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар (Қой).

2. Кезекті бір жануар ,

Үстінде екі тауы бар. (түйе).

3. Басында екі таяғы бар,

Төрт аяғы, сақалы бар. (ешкі)

4. Өріске ерте өреді,

Біздерге сүт береді. (сиыр).

3-тапсырма: бұл ойын екен

-Енді балалар, ойын ойнағыларың келе ме? Төлдерге байланысты ойын ойнату.

«Төлдерін тап!» ойыны.

Шарты: 1 топ- «аналары» болады.

2 топ-төлдері болады.

Балалар біз барлығымызмузыка ырғығымен билеп жүреміз , музыка тоқтағанда төлдері мен аналары бірін-бірі жандарына барып тұрулары қажет.

Билингвалды компонент: сиыр-корова, баран -қой,лошадь-ат, верблюдь-түйе

4-тапсырма: ар топқа беріледі.

1-топ тапсырмалары: пішіндерден үй және жабай жануарларды құрастыру.

2-топ тапсырмалары: бөлінген бөліктерден үй жануарларын құрастыру.

3-тапсырма: «Дұрысын тап» ойыны Балалардың жауаптары.

-Далада күн салқын.

Балалардың жауаптары.

Балалардың жауаптары-

Хабарламаның

Өздерінің тапсырманы орындауға дайын екендерін айтады

Екіге бөлінеді

Ауылдан.

Жұмбақтарды шешеді

Ойынды қызыға ойнайды

Сөздерді қайталайды

Әр топ өздеріне берілген тапсырманы орындайды

Рефлексивті-түзетушілік Қорытынды:

Балалар бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнадыма?

Біз қандай жануарлар туралы мағұлмат алдық?

Ендеше Мына тапсырманы орындасақ ата мен әженің сылығын ала аламыз «Венн диаграммасы»

Оз ойларын айтады

Сұраққа жауап береді

Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтежие:

Нені біледі: Сұрақтарға толық жауап беруді,тапсырмаларды мұқият орындауды

Нені меңгереді: ауылшаруашылығының,маңызы мен пайдасы туралы; жануарлардың адам өміріндегі маңызын

Нені игереді: Үй жануарларын (қой,ешкі,жылқы, сиыр,есек,ит,шошқа, мысық) күту туралы

«Айналайын бөбекжайы» КМҚК

Тақырыбы:

«Ауылдағы тіршілік»

«Ашық ұсымдастырылған оқу қызметі»

Тәрбиеші:Әліпбаева А
Әдіскер:Тоқсанбаева И

2016-2017 оқу жылы

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.